



IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ ЖШС
СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ**

БАҒДАРЛАМАНЫ АККРЕДИТТЕУ

**6B01501 - «МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ»/
5B010900 - «МАТЕМАТИКА»**

Нұр-Сұлтан 2020

ЭКСПЕРТТІК ТОП



Зулпыхарова Эльмира Умирзаковна
Топ жетекшісі

Қ.А. Ясауи университеті «Тарих» кафедрасының профессоры,
т.ғ.к. доцент



Садықов Бахыт Дикамбаевич
Эксперт

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
«Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.д.



Даниярова Жанат Капсатгаровна
Эксперт

Инновациялық Еуразия университеті, «Энергетика, металлургия
және ақпараттық технологиялар» кафедрасының доценті



Сейдимбетов Болатбек Илесович
Жұмыс берушілер өкілі

Б. Майлин атындағы ЖОМ оқу істері жөніндегі директордың
орынбасары



Худиярова Еркемай Алидарқызы
Студенттер өкілі

М. Әуезов атындағы ОҚМУ, «Информатика» мамандығы 2 курс

Сарапшылар тобының есебі IQAA-дың зияткерлік меншігі болып табылады. Кез келген ақпаратты пайдалану IQAA-ға сілтеме болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

**ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША 6B01501 МАТЕМАТИКА
 МҰҒАЛИМДЕРІН ДАЯРЛАУ/5B010900 МАТЕМАТИКА БІЛІМ
 БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ
 НАҚТЫ ДЕҢГЕЙГЕ СӘЙКЕСТІГІ**

Стандарттар	Әр стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкес келмейді
<i>Стандарт 1</i> Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаның қамтамасыз ету саласындағы саясат	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау		+		
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорлық – оқытушылық құрам		+		
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау		+		
<i>Стандарт 7</i> Жұртшылықты ақпараттандыру	+			

Мазмұны

1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Кіріспе	5
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы.....	5

2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

Мамандарылған (бағдарламалық) аккредиттау стандарттарына сәйкестік	
Кіріспе	7
Стандарт 1	
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапанын қамтамасыз ет саласындағы саясат.....	8
Стандарт 2	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару.....	10
Стандарт 3	
Студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау.....	14
Стандарт 4	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.....	17
Стандарт 5	
Профессорлық – оқытушылық құрам	21
Стандарт 6	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	24
Стандарт 7	
Жұртшылықты ақпараттандыру.....	28

3 ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ	31
------------------------	----

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша 1

Сыртқы бағалаудың бағдарламасы	33
--------------------------------------	----

Қосымша 2

Сұхбатқа қатысқандардың тізімі	35
--------------------------------------	----

Қосымша 3

ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар.....	38
--	----

1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Kіpіcne

Сырдария университетінің мамандандырылған аккредиттеу процедурасы шеңберінде сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылғы 12-13 қазан аралығында өтті.

Сыртқы аудит IQAA жасаған және университет әкімшілігімен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы бойынша сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына барар алдында таныстырылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктер мен білім беру бағдарламаларын және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапарда жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедра профессор-оқытушылар құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, университеттің түлектерімен, жұмыс берушілерімен толығырақ танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің деректерінің нақты сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде көптеген ақпарат бар, мұнда университеттің барлық бағыттары мен құрылымдық бөлімшелері мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес талданады, күшті және әлсіз жақтары анықталады, қауіп-қатерлер мен одан әрі дамудың мүмкіндіктері анықталады.

Оқу, ғылыми-әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаларды ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ олардың жұмыс орындарында студенттермен және қызметкерлермен байланыс орнату мақсатында визуалды тексеру жүргізілді. Сарапшылар бөлімдерді, бөлімдер мен орталықтарды, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт, спортзал, жазғы спорт алаңы және денсаулығына байланысты студенттерге арналған жаттығу бөлмелерін және т.б. қарап шықты.

Сыртқы аудитті өткізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттамасын зерделеді және жұмыс барысымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен толығырақ танысу мақсатында аккредиттелген бағдарламалар бағытындағы кездесулерге қатысады.

Университеттің негізгі сипаттамалары

«Сырдария» университеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және

денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған ААН 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда. Университет ректоры қызметін Мамраимов Серік Дәулетұлы атқарады. «Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, қашықтықтан оқыту қысқартылған нысандары негізінде білім беру қызметін көрсетеді.

Университетте 5 оқу ғимараты, өндірістік практика өткізуге арналған инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, жылыжай, 4 кітапхана, 500 орындық «Студенттер сарайы», 320 орындық жатақхана бар.

Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналасқан білім беру порталына кіру үшін өздерінің есептік жазбалары бар. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Platonus, Cisco Webex және Instagram, WhatsApp және Facebook Messenger платформалары арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асырады және студенттермен ұдайы кері байланысты ұйымдастырады тексеру барысында анықталды.

Заңды және нақты мекен-жайы

160500 Қазақстан Республикасы,

Жетісай қ., К. М. Әуезов, 14.

Телефон: 8 (72534) 6-14-63, 6-14-27

Факс: 8 (72534) 6-14-63, 6-20-08

Электрондық пошта: info@sirdariya.kz, sirdariya@gmail.com.

2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

Кіріспе

«Сырдария» университеті қазіргі таңда Түркістан облысындағы білім және ғылыми, әдістемелік және мәдени орталықтарының бірі болып табылады. Университет оқытудың жаңа технологияларын ендіруде және ғылыми зерттеу базасын ұлғайта отырып, жоғары сапалы және кең көлемді білім беру қызметімен қамтамасыз етеді. Университет түлектері Қазақстанның білім беру және экономиканың әр түрлі салаларында жемісті қызмет атқара алады және еңбек нарығындағы бәсекелестікте қабілетті. ЖОО даму және қалыптасу тарихы 20 жылдан астам.

Университетке берілген лицензияға сәйкес (АБ №0137474, 28.09.2010ж.) бакалавриат бағыты бойынша білім беру бағдарламасын беруге құқылы (Қосымша 1).

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша «Жоғары математика және физика» кафедрасы жүзеге асырады, кафедраны тех.ғ.к., доцент Жолдасов С.А. басқарады.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасын бакалавриатының білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өтуге өзін-өзі бағалау есебін дайындау барысында қажетті мәліметтер жинақталып, нақты талдау жүргізілді, IQAA-дің жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нұсқауы негізінде ұйымдастырылды және жүйелі, нақты, шынайы мәліметтер жинақталып дайындалды.

«Сырдария» университетін бітірген түлектер еңбек нарығы талаптарына сай жұмыспен қамтылған. Түлектеріміз мемлекеттік мекемелерде, жалпы орта мектептерде, лицей мен колледждерде, кәсіпкерлік салаларында, және т.б. жұмыс орындарында абыроймен қызмет атқаруда.

Кафедрада жыл сайын педагогикалық біліктілікті жетілдіру мақсатында түрлі шаралар жүргізіліп келеді: оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу; оқу құралдарын дайындау; тәжірибелі оқытушылардың ашық сабағына ену; біліктілікті жетілдіру курстарынан өту; семинар, конференциялар ұйымдастыру және т.б.

Жоғары оқу орнының миссиясы Білім беру, ғылым мен инновациялық қызметті заман талабына сай интеграциялау және Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес жаңашыл мамандар даярлау.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша берілген лицензияға сәйкес мектеп бітіруші түлектер 2000 жылдан бастап «Сырдария» университетіне қабылданып, кафедра білім беру ісін жүргізіп, 2004 жылдан бастап БББ бітіруші түлектерді шығарып келеді.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр мынадай кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

«Сырдария» университетін бітірген түлектер еңбек нарығы талаптарына сай жұмыспен қамтылған. Түлектеріміз тек Жетісай және көрші аудан ғана емес облыс аумағындағы мектептер, колледждерде, әкімшілік басқару және т.б. жұмыс орындарында абыроймен қызмет атқаруда.

Кафедрада жыл сайын педагогикалық біліктілікті жетілдіру мақсатында түрлі шаралар жүргізіліп келеді: оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу; оқу құралдарын дайындау; тәжірибелі оқытушылардың ашық сабағына ену; біліктілікті жетілдіру курстарынан өту; семинар, конференциялар ұйымдастыру және т.б

Қоғамдық жаһандану мен бәсекелестіктің күшеюіне байланысты қазіргі күнде табысқа жетудің басты өлшемдерінің бірі ЖОО арасындағы рейтингі мен аккредитациядан өту болып табылады. Аймақтағы педагогикалық оқу орны ретінде «Сырдария» университеті мемлекеттік тапсырыс бойынша грант бөлу түріндегі мемлекеттік қолдауға лайық оқу орны.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеуден өтуге өзін-өзі бағалау есебін дайындау барысында қажетті мәліметтер жинақталып, нақты талдау жүргізілді, IQAA-дің жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нұсқауы (2020 жыл) негізінде жазылды және жүйелі, нақты, шынайы мәліметтер жинақталып дайындалды.

СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ӨТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Дәлелдемелер және талдау

Есепте 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының құрылу тарихы, дамуының негізгі кезеңдері сипатталған. ББ миссиясы, мақсаттары мен міндеттері университет миссиясымен, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұлттық жүйесінің мазмұнымен және басымдықтарымен және өңірдің индустриялық-инновациялық даму үрдістерімен байланысты. Жаратылыстану факультеті мен сапа саласындағы ББ миссиясын, саясаты мен мақсаттарын әзірлеуге университет оқытушылары, студенттері, магистранттары, докторанттары, қызметкерлері тартылады. Университеттің корпоративтік мәдениеті

тұжырымдамасына көп көңіл бөлінеді. Жалпы, ББ мақсаттары мен міндеттерін түсіну байқалады.

Сарапшылар 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламаларының мазмұны Сырдария университетінің стратегиялық мақсаттарына, университет пен жаратылыстану ғылымдары Жаратылыстану факультетінің миссияларына, қоғамның зияткерлік, тұлғалық мінез-құлық сапаларына және түлектің іскерлігіне деген әлеуметтік үміттеріне сәйкес келетініне көз жеткізілді.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» ББ пәндерінің мазмұны элективті пәндер тізбесі мен бағдарламаларын, дипломдық жұмыстардың тақырыбын айқындауға және рецензиялауға, практика базаларын ұсынуға, бітірушілерді қорытынды бағалауды өткізуге қатысатын өңірдің жұмыс берушілерімен келісіледі. Мұның барлығы тиісті құжаттарға жүргізілген талдаумен және ПОҚ пен жұмыс берушілердің жүргізген сұхбатымен расталды.

Сапа менеджменті жүйесі тиімділігінің мониторингі ішкі және сыртқы аудиттер арқылы жүзеге асырылады. Ішкі аудит тиісті рәсіммен регламенттелген және жылына бір рет жүргізіледі. Олар оқыту сапасын, оқыту жағдайларын, оқытудың инновациялық технологияларын енгізуді, білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етілуін талдауды, оқу жоспарларына, ОӘК-ге, оқу-әдістемелік құралдарға сараптама жүргізуді, білім алушылар үлгерімінің академиялық көрсеткіштерін талдауды, білім алушылардың бітіру сапасын талдауды жүзеге асырады.

ББ мақсаттары мен мазмұны өңірдің экономикасының дамуы мен еңбек нарығының қажеттіліктерін және білім беру бағдарламасының элективті пәндерінің тізбесін, дипломдық жұмыстардың тақырыбын айқындауға және рецензиялауға, практика базаларын ұсынуға, бітірушілерді қорытынды бағалауды жүргізуге қатысатын өңір жұмыс берушілерінің пікірін ескере отырып қалыптастырылады. ББ тиімділігіне әсер ететін көрсеткіштердің бірі оқыту сапасы мен студенттердің үлгерімі болып табылады. Институционалдық деңгейде бағдарламаларды іске асыру сапасының мәселелері Ғылыми Кеңесте, Ректоратта, Ғылыми-әдістемелік Кеңесте үнемі қаралады.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты басшылықпен университеттің стратегиялық жоспарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігіне үнемі талданады және білім беру мекемелері мен өзге де жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып түзетіледі; жаңа элективті курстар енгізіледі, бітіру жұмыстарының іс жүзінде бағдарланған тақырыптары ұсынылады. Жұмыс берушілердің қажеттіліктері оларға сауалнама жүргізу арқылы анықталады. Болашақ мамандықпен танысу үшін 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» мамандығының студенттері бірінші курста ЖОМ, гимназиялар, мектеп-лицейлер, Дарын мектеп-интернаттарына барады. "Математиканы оқыту әдістемесі" пәні

бойынша ОСӨЖ сабақтары Сырдария қаласының Қ.Қайсенов атындағы №51 орта мектебінің базасында өткізіледі.

Есеп беру кезеңінде БСҚТҚА агенттігінің ұлттық рейтингтерінде 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасы 9-орынды иеленді. ББ табысты жүзеге асырудың маңызды факторларының бірі түлектердің осы мамандық бойынша магистратура мен докторантурада білім алуын жалғастыру ниеті болып табылады.

Университетте білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясатты тиімді іске асыру үшін ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша әзірленген саясат: сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар, ЖОО басшылығының, университет оқытушылары мен студенттері үшін қол жетімділігі, сұраныстарға ден қоюдың икемділігі. 2018 жылы Сырдария университеті ҚР Академиялық адалдық Лигасына кірді.

Модульдік білім беру бағдарламаларын талдау ББ игеру нәтижелері түлек алған құзыреттіліктермен анықталатынын көрсетті. Бұған студенттердің жеке білім траекториясын қалауын, университеттің ерекшелігін, еңбек нарығының өзгеріп отыратын жағдайын ескере отырып, кәсіби құзыреттілік саласындағы жеке бағдарламаларды таңдауы ықпал етеді.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының түлектері еңбек нарығында әрдайым сұранысқа ие, бұған жұмысқа орналасудың жоғары пайызы дәлел (есепті кезеңде орта есеппен 85%, 2019 жылы – 86%).

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасы мақсаттарының тиімділігі, үлгерім туралы мәселелер, педагогикалық және зерттеу практикаларының қорытындылары, қорытынды және мемлекеттік емтихандардың нәтижелері, студенттердің оқыту сапасына қанағаттану дәрежесі кафедра, Жаратылыстану факультетінің Кеңесі және деканат отырыстарында жүйелі түрде талқыланып, бағаланады. Сыртқы ортадағы өзгерістер мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, үнемі қайта қаралатын ЭПК білім беру бағдарламасының серпінділігін куәландырады.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының бірінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

Дәлелдемелер және талдау

Университетте ББ сапасын ішкі бағалаудың және сараптаудың оны іске асырудың әрбір кезеңінде қадағаланатын тиімді, үздіксіз механизмі әзірленген: білім беру бағдарламасын жоспарлау, оны тікелей іске асыру және

жетілдіру. ББ ішкі бағалау кафедра, университеттің Ғылыми-әдістемелік Кеңесі, ЖОО Ғылыми кеңесі деңгейінде жүргізіледі.

Сарапшылар анықтады: 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының мазмұны мен логикасы ҚР БҒМ нормативтік талаптарына және университеттің ішкі ережелеріне негізделген. Білім беру бағдарламасын әзірлеу модульдік қағидатта жүзеге асырылады, "Педагог" кәсіби стандартына, "педагог мәртебесі туралы" заң жобасына, Еуропалық біліктілік шеңберімен, ҚР МЖМБС-мен және тиісті оқу жоспарларымен келісілген Дублиндік дескрипторларға негізделген құзыреттер бойынша оқыту нәтижелерінен тұрады; университет миссиясына, бағдарламаның әлеуетті тұтынушыларының сұраныстарына сәйкес құрылған.

- университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеудің және бекітудің ішкі ережелері бар, онда білім беру бағдарламаларын құрастырудың құрылымы мен алгоритмі анықталған. Университеттің академиялық саясаты студенттерді қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқытуға көшіруді көздейді. Қысқартылған және жеделдетілген оқу түрлері бойынша қашықтықтан білім беру жүйесі жолға қойылған. Қашықтықтан оқыту жүйесін Platonus, Zoom, Webex Meetings және WhatsApp мессенджері платформалары арқылы жүзеге асырады, пәннің оқу-әдістемелік кешендерін, оқу материалдары мен тапсырмаларын жүктейді, студенттермен кері байланыс ұйымдастырады;

- "Жоғары математика және физика" кафедрасы 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» модульдік білім беру бағдарламасын барлық оқу мерзіміне үлгілік оқу жоспарлары, әлеуетті жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, элективті пәндер каталогтары негізінде әзірлеген. Болашақ мұғалімдерді даярлау орта мектептегі білім берудің жаңартылған мазмұны бағдарламаларымен тығыз байланысты. Осыған байланысты білім беру бағдарламаларында болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған модульдер қарастырылған. Білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберімен, кәсіби стандарттармен сәйкестендіріле жасалған және сыртқы сараптау мен рецензиялаудан өткен;

- БББ ОӘК және ПОӘК толық қамтамасыз етілген. Онда талап етілетін құжаттардың барлығы талапқа сай рәсімделген. Оқытушылар дайындайтын пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдары кафедраның мәжілісінде талқыланып, кафедра меңгерушісімен бекітілген. Бекітілген пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдар университеттің www.sirdariya.kz білім порталына жүктелген. Олармен студенттер өздерінің жеке кабинеттері бойынша танысады, оқу үдерісінде пайдалана алады.

- БББ игеру үшін курстың қысқаша мазмұнынан, міндеттері мен алынатын нәтижелерінен, құзыреттіліктердің тізімінен, пререквизиттері және постреквизиттерінен тұратын элективті курстардың каталогы жасалынған. Сондай-ақ оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілу картасы, оқу жұмыс

жоспарлары, кәсіби практиканы өткізуге және қорытынды аттестаттау, дипломдық және курстық жұмыстарды жазуға арналған әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілген.

- міндетті компонент бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны тиісті деңгейдегі МЖМБС және типтік оқу жоспарының талаптарына сәйкес келеді. Жұмыс оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны Типтік оқу жоспарлары мен элективті пәндер каталогына сәйкес келеді. Компоненттердің мазмұнын нақтылау үшін ББ әзірлеуге жұмыс берушілерді тарту мақсатында Жетysай қаласының, Жетysай және Мақтарал аудандарының орта мектептерімен, №3 Дарын мектеп – интернатымен шарттар жасалған;

- білім беру бағдарламаларында студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыратын компоненттер бар. Студенттер тарапынан білім беру бағдарламаларына деген қажеттілік 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» ББ студенттері қатысқан сұхбат арқылы расталады. Сұхбат студенттердің оқу сапасына қанағаттанатынын көрсетті. ТОЖ-рын, элективті пәндер каталогын талдау ББ мазмұнын әзірлеу кезінде студенттердің пікірлері ескерілетіндігін көрсетті. Сауалнамаларды әлеуметтік-мәдени даму орталығының өкілдері жүргізген, сауалнаманың нәтижелері бойынша белгілі бір мәселелер туралы студенттердің тілектері анықталады. Мысалы, 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау»/ 5B010900 -«Математика» ББ жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша келесі пәндер енгізілген:

- «Стандартты емес есептер шығару практикумы (геометрия)», «Мектеп математикасын оқытудың инновациялық технологиялары», «Математиканы оқытудағы цифрлық технология», «Электронды оқытудағы Big data технологиясы», «Ақпараттық білім ортасын математиканы оқытуда пайдалану», «Математикадан оқу жобаларын жасақтау технологиясы», «Математиканы бейіндік мектептерде оқыту әдістемесі» және «Математикадан олимпиадалық есептерді шығару»;

- БББ жоғары деңгейдегі оқу және дидактикалық материалдармен толық қамтамасыз етілген. Үлгілік оқу бағдарламалары, силлабустар, пән бойынша әдістемелік нұсқаулар СМЖ талаптарына сай рәсімделген. Білім алушылар үшін кітапхана, оқу ресурстары қолжетімді, ізденуге мүмкіндік жасалған.

Сарапшылар мынаны анықтады:

- білім беру бағдарламаларының мазмұны Ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес келеді;

- ББ сыртқы сарапшылармен бекітіледі;

- ББ оқу процесінде Кредиттік оқыту жүйесі жұмыс істейді, ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу жүйесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады;

- университетте оқу жоспары мен қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды, сондай - ақ оларды жетілдіру үшін кері байланысты қамтамасыз ететін 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика»

білім беру бағдарламаларының сапасын және сараптамасын ішкі бағалау жүзеге асырылады;

- білім беру сапасын іштей бағалау механизмдерінің үздіксіз, тиімділігі студенттер арасында түрлі сауалнамалар жүргізу, оқытушылардың оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу еңбектеріне мониторинг жүргізу кафедра оқытушыларының өзара сабаққа қатысуы, ашық сабақтар өткізу, есеп беру арқылы жүргізіледі.

- 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының түлектері жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білімнің тиісті білім беру бағдарламалары бойынша білімін жалғастыруға мүмкіндігі бар, бұл университет қабырғасында үздіксіз білім алу мүмкіндігі туралы толық айтуға мүмкіндік береді.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының екінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 3. СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТЫЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Дәлелдемелер және талдау

Сарапшылар ББ игеру барысында студенттер оқытудың жеке траекториясын өз бетінше анықтайтынына сенімді болды. Бұл ретте студенттер келесі оқу жылына элективті пәндер мен оқытушыларды таңдау мүмкіндігіне ие болады. Траекторияны таңдау кезінде студент эдвайзердің ұсынымдарын басшылыққа алады. Таңдау негізінде студенттердің жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. Сонымен қатар студент жобалық дипломдық жұмыстардың тақырыптарын, ғылыми жетекшіні таңдай алады. 1 курстың әр студенті Анықтамалық нұсқаулық алады. Осылайша, студенттің оқу жүктемесі олардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып жасалған. Студенттің жеке оқу жоспарларында білім беру деңгейлері бойынша 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының барлық компоненттері мен элементтері көрініс тапқан.

Студенттерді оқыту нәтижелерін бағалауды талдау студенттердің оқу жетістіктерін бағалау саясатымен, процедурасымен, қолданылатын бағалау критерийлері, емтихандар және бақылаудың басқа түрлері туралы ақпаратпен студенттер ББ тиісті силлабустары арқылы таныса алатындығын көрсетті. Силлабустарда студенттердің үлгерімін аралық және қорытынды бақылауға арналған сұрақтар тізбесі бар. Білім алушылардың білімін бағалау жүйесі Блум таксономиясын және объективтілік пен ашықтықтың жалпы қабылданған қағидаттарын ескере отырып әзірленген. Тест тапсырмалары мен тестілерінің сенімділігін және валидтілігін қамтамасыз ету үшін тест сұрақтарын құрастыру және апелляциялық комиссия бойынша ереже әзірленіп, бекітілген.

Бітіруші кафедраға барған кезде сарапшылар тобы студенттердің өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында кафедраларда негізінен оқуда іс-әрекеттік тәсіл немесе сол студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау қолданылатындығын анықтады. Бұл ретте білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріледі, рефлексияға, оқыту нәтижелері үшін жеке жауапкершілікті арттыруға назар аударылған. Студентке орталықтандырылған білім беру критерийлері бойынша БББ ерекшелігіне сәйкес ұлттық құндылықтардың дәріптелуін, маман бойына сіңіруін қадағалайтын этнопедагогикалық әдіснамалық ұстаным басты назарға алынған.

Жаратылыстану факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі отырыстарының хаттамаларын және қатысқан сабақтарды талдай отырып, сарапшылар тобы оқытушылар дәріс және практикалық сабақтарды жүргізудің инновациялық әдістерін, ОСӨЖ өткізудің әртүрлі белсенді нысандарын, білім беру картасын (матрицасын), жеке–топтық оқу қызметін ұйымдастыруды, сабақ барысында оқу қызметін динамикалық ұйымдастыруды жиі қолданады деген қорытындыға келді. Мұның бәрі студенттерді оқытуда белсенділік тәсілін

ұйымдастыруға ықпал етеді. Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау үшін заманауи технологиялар қолданылады. Кафедра оқытушылары студенттердің ББ бойынша теориялық білімін бағалау үшін СӨЖ қабылдауда, аралық бақылау жасауда Электрондық пошта, рефераттар, презентациялар, тесттер, кесте-карточкалар, эссе-гlossарийлердің мүмкіндіктерін кеңінен қолданады.

Тәжірибелік сабақтарда кафедраның ПОҚ таңдаған пән түрі бойынша студенттердің болашақ кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында, кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін оқытудың белсенді әдістері оқу процесіне енгізілген: топтық және жеке оқыту, мастер-класс, жеке практикалық оқыту түрін көрсету, рөлдік ойын, бейне көрсетілімдер және т. б.

Мысалы, тех.ғ.к., доцент Жаңабаев Жолдас Дүйсебаевич, п.ғ.к., доцент Бердалиева Тилла Досыбаевнамен дәріс сабағы және СООЖ өткізілген. Олар интерактивті әдістер мен оқытудың белсенді әдістерін талқылай отырып, әдістерге салыстырмалы талдау жүргізген, дәріс сабақтарын өткізу кезінде интерактивті әдістердің артықшылықтарын ерекше атап өткен. Оқытушы нақты мысал келтіре отырып, нақты жағдайға сипаттама жасаған, студент онда проблема бар-жоғын, оның неден тұратынын анықтап, жағдайға деген көзқарасын анықтауы керек. СООЖ тиісті ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізілген.

Университетте студенттердің өтілетін сабақ сапасына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнама алу дағдыға айналған. Оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда «Оқытушы студент көзімен» атты сауалнамалар жүргізіліп, күшті және әлсіз жақтары, оқыту сапасына қанағаттанбау себебі анықталып отырады. Сондай ақ студенттерді қабылдау сапасының, ағымдағы үлгерімнің, студенттер мен магистранттардың білім сапасының, бітірушілер сапасының, пәндерді оқыту сапасының, білім алушылар мен жұмыс берушілердің даярлық сапасына қанағаттануының мониторингі жүзеге асырылады.

Университеттің тіркеу офисіне барып, *сараптау комиссиясы* университетте білім алушылардың білімін бағалаудың әртүрлі нысандары: тестілеу, жазбаша емтихан, ауызша емтихан қолданылатынын анықтады. Кешенді тестілеу барысын емтихан пәндеріне қатысы жоқ тьюторлар бақылайды; ауызша емтиханды кафедраның тәуелсіз оқытушылары қабылдайды. Бұл емтихан сессиясы кезінде студенттердің жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, университетте кешенді тестілеу мен емтихан сұхбаттарының нәтижелерін апелляциялау тәжірибесі қолданылады. Ережеде барлық білім беру бағдарламалары бойынша аралық, қорытынды бақылау және бітіру емтихандарын өткізу кезеңінде жұмыс істейтін апелляциялық комиссиялар құру көзделген. Университет бойынша ректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.

Университет сайтындағы "Академиялық адалдық Кодексі" және "Педагогтың ар-намыс кодексі" оқытушылардың, қызметкерлердің және білім алушылардың мінез-құлқына бірыңғай талаптарды белгілейтінін көрсетті. Бұл

құжаттар университеттің ресми сайтында орналастырылған, жыл сайын бірінші курс студенттеріне арналған анықтамалық-жолсілтемеде жарияланады.

Бітіруші кафедра мен жаратылыстану факультетінің кеңесі отырыстарының хаттамаларын талдай отырып, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне ғылыми істе жөніндегі проректор, ғылым коммерцияландыру басқармасының бастығы және ғылыми кеңес жетекшілік ететініне көз жеткіздік. СҒЗЖ шеңберіндегі қызмет бағыттары университеттің СҒЗЖ басым бағыттарына сәйкес келеді және мамандарды даярлау бейінін ескере отырып, кафедралардың СҒЗЖ жыл сайынғы жоспарлары негізінде жүргізіледі. Бұл ретте оқыту траекториясы студенттен 3 курстан бастап зерттеу жұмыстарын міндетті түрде дайындауды талап етеді. Әр студентке ғылыми жетекшілер бекітілген, олардың міндеттеріне бітіру жұмысын жазуда әдістемелік көмек және ғылыми кеңес беру кіреді. Түлектердің жобалық дипломдық жұмысын жазу тәжірибесі бар. Студенттердің ҒЗЖ-ға қатысуының қосымша нысандары халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, ғылыми журналдарға мақалалар жариялау болып табылады.

Сарапшылар кафедрала т.ғ.к., доцент Жолдасов Сазахан Амановичтің жетекшілігімен Математиканы оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері талқыланатын 3-4 курс студенттерінің қатысуымен заманауи математика мәселелері бойынша қалалық кафедраның-әдістемелік семинары жұмыс істейтіні анықталды. Сонымен қатар, студенттер мен оқытушылар кафедралық ғылыми жұмыстарды орындауға қатыстырылады.

Кафедрада 21 студентті қамтитын "Интеграл" ғылыми үйірмесі жұмыс істейді (ғылыми жетекшісі: Е.Қытайбеков).

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуы үнемі талданады. СҒЗЖ форматы әртүрлі-курстық және дипломдық жұмыстарды дайындау жұмысына қатысудан бастап Республикалық студенттік конкурстарға дейін жалғасады. Мысалы, пәндік олимпиадалар нәтижесі бойынша студенттер: 2016-2017 о.ж. - III орын, 2017-2018 о.ж. - II орын, 2018-2019 о.ж. - III жүлделі орындарға ие болды. Студенттермен бірге 11 ғылыми-әдістемелік мақала жарияланған. Сондай-ақ ББ студенттері жыл сайын университет деңгейінде ұйымдастырылатын "Болашақ маман" конкурсына және басқа да ғылыми конкурстарға белсенді қатысады.

Білім алушыларға отандық, алыс және жақын шетелдік ЖОО-да кредит түрінде қосымша тәжірибе мен құзыреттілік меңгеру үшін академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруға көмек беретін академиялық ұтқырлық бөлімі басқа ЖОО-нан білім алушыларды қабылдаудың, академиялық ұтқырлық аясында меңгерілген кредиттерді тану мен қайта есептеудің жүйеленген рәсімдерін жүзеге асырады.

Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы білім алушылары немесе оқытушы-зерттеушілер оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңде (семестрге немесе оқу жылына) өзінің білімін жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орнына ұтқырлық бағдарламасы бойынша

барып, оқуға мүмкіндік туғызылған. Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс істейді: сыртқы (халықаралық) – шетелдік ЖОО-да оқытудан өту және ішкі (ұлттық) – жетекші қазақстандық ЖОО-нда оқыту. Студенттер Тәжік педагогикалық институты Пенджикент қ. сыртқы ұтқырлықтан 3 студент өткен. Академиялық ұтқырлық шеңберінде еліміздің ЖОО-дарынан студенттерге біздің университетте білім алу мүмкіндігін береді. Білім беру бағдарламасы бойынша студенттер Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Мирас университеті, Халықаралық Достық университеттерінің, академиялық ұтқырлық бойынша студенттер алмасады. Олардың саны: 3. Академиялық сыртқы және ішкі ұтқырлық шеңберінде студент алмасу толықтай өз шешімін таппай отырғандығы байқалады. Академиялық (ішкі және сыртқы) ұтқырлық туралы ереже университеттің сайтында (Platonus 89.218.153.154) орналастырылған «Университеттің академиялық саясатында» көрініс тапқан.

Ескерту: БББ бойынша академиялық сыртқы және ішкі ұтқырлық шеңберінде студент алмасу толықтай өз шешімін таппай отырғандығы байқалады (сыртқы-3, ішкі -3), 6,36% құрайды, бұл болашақ математик мұғалімдердің негізгі құзыреттерін дамытуға, қалыптастыруға толық ықпал етпейді.

Ұсыным: болашақ математика мұғалімдерінің негізгі құзыреттіліктерін дамытудың бір қыры-сыртқы, ішкі ұтқырлық шеңберінде студент алмасу, өз кәсіби шеберліктерін шыңдау, жаңа технологиялық, әдістемелік және пәндік материалдармен, құзыреттіліктермен қамтамасыздандыру. Осыған байланысты білім алушылардың академиялық сыртқы және ішкі ұтқырлығын 15% арттыруды ұсынамыз.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік.

СТАНДАРТ 4. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАЛУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Дәлелдемелер және талдау

Университеттің құрылымдық бөлімшелерін, деканаттарды, кафедраларды қарап-тексеру және оларға бару университетте кәсіби бағдар беру жұмысының жылдық жоспарын және көшпелі кездесулер кестесін қалыптастыратын кәсіби бағдар беру орталығы жұмыс істейтінін көрсетті.

Университет сайтында университет бойынша виртуалды экскурсия орналастырылған, жаратылыстану ғылымдары факультетінің сайтында болашақ мамандардың кәсіби саласын көрсете отырып, 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасы туралы толық ақпарат орналастырылған. Ақпараттық сайтта оқу

орны жайлы барлық мағлұмат бар. Әсіресе, оқуға келемін деуші талапкерлер үшін қабылдау ережесі жайлы толық мағлұмат берілген. Оқу орнына жаңадан қабылданған студенттерге анықтамалық кітапша, оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендер, элективті курстардың каталогі ұсынылады. Анықтамалық кітапшаға университет, факультет, ұйымның оқу үрдісіндегі ережелері, ішкі тәртіп ережелері, оқу ақысын төлеудің шарттары, оқу үшін банк қызметін қолдану шарттары жайлы мәліметтер берілген.

Кәсіби бағдар беру жұмысы аясында жыл сайын Ашық есік күні, Сырдария университеті бойынша экскурсиялар өткізіледі, бұл туралы БАҚ-та және түрлі сайттарда кеңінен жарияланады. Кафедрада талапкерлерге арналған ақпараттық-жарнамалық материалдар (буклеттер, кафедраның ақпараттық парақтары) әзірленген. Кафедра туралы ақпарат университет сайтында берілген. Кафедра жетекші ұйымдармен, жалпы орта білім беру орындарымен, кәсіпорындармен тығыз ұзақ мерзімді байланыста болады, осы ұйымдардың жетекші мамандарымен әлеуметтік тапсырыстарды қалыптастыру және білім беру бағдарламасының мамандану мәселелері бойынша үнемі әңгімелер жүргізеді. Кәсіптік бағдарлау сұхбаттары мастер-класстар, ғылыми семинарлар (доценттер Жолдасов С.А., Жаңабаев Ж.Д., Бердалиева Т.Д.) кезінде өткізіледі. Кытайбеков Е.Т. және т. б. кафедра жоғары оқу орнынан кейінгі қызметке мониторинг жүргізеді, "өз талапкерін" іріктеу және даярлау сапасын жақсарту саласында түлектермен және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылдың тиімді тәсілдерін іздейді.

Университет 1-курс студенттерін анықтамалық-жолсілтемемен қамтамасыз етеді, онда: оқыту технологияларымен байланысты негізгі ұғымдар, оқу процесін ұйымдастыру ережелері, студентке көмек ретінде кітапхана, студенттерді қолдау қызметтері, жоғары мектептер бойынша ақпарат, академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру механизмі, оқудағы бақылау түрлері, Сырдария университетінің ғимараттарының орналасу схемасы көрсетілген. Талапкерлерді білім беру бағдарламаларына қабылдағаннан кейін кафедра эдвайзерлері мен оқытушылары студенттермен кәсіптік және жеке құзыреттерін қалыптастыру бойынша соңғы курсқа дейін жүйелі жұмыс жүргізеді. Жыл сайын университетпен таныстыру аптасы ішінде 1 курс студенттері үшін әкімшілікпен, университет және факультет қызметтерінің өкілдерімен, кафедраның ПОҚ-мен кездесулер өткізіледі.

Сараптау комиссиясы жаратылыстану факультетінің деканатына барып, келесіні анықтады:

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика»
БББ студенттер контингенті

Оқу түрі	Учебный год				
	2015–2016	2016-2017	2017–2018	2018– 2019	2019-2020
Күндізгі	76	80	72	81	69
Сырттай	-	5	6	1	40
Барлығы	76	85	78	82	109

Сарапшылар білім алушыларды қорытынды аттестаттау мемлекеттік емтихандар, дипломдық және жобалық жұмыстарды қорғау түрінде өткізілетінін анықтады. Мемлекеттік емтихандарды өткізу үшін бағдарлама әзірленді, ол кездейсоқ сандар генераторын пайдалану негізінде емтихан билетін, студенттің жауап парағына бланк және жауап хаттамасын қалыптастырады. Қорытынды аттестаттау кезінде талапты арттыру мақсатында университет басшылығы Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру және кәсіби орта білім жүйесінің көрнекті ғалымдары, қайраткерлері мен жетекші мамандарынан тұратын комиссия төрағалары ретінде ұсынылады.

Сонымен қатар, сарапшылар университетте білім беру нәтижелерін бағалау, дипломдық жұмыстар мен жобаларды орындау және қорғау кезінде студенттердің үлгерімі мен жетістіктеріне мониторинг жүргізілетініне көз жеткізді. Бакалавриат мамандықтары бойынша қорытынды аттестация нәтижелері кафедра отырыстарында және факультет пен университет кеңестерінде талқыланады. Студенттердің қорытынды жетістіктері оң динамиканы көрсетеді. Сырдария университеті тест орталығының жетекшісімен сұхбат университетте білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын қамтамасыз етуге тұрақты мониторинг жүргізілетінін көрсетті. Жұмыс берушілермен бітірушінің білім сапасы, дағдысы, іскерлігі туралы сауалнамалар ұйымдастырылып, жетекші маман-практиктер бітіру жұмысына рецензент, оппонент ретінде жұмылдырылады, сөйтіп жұмыс берушілер бітіру жұмысын ашық қорғауға қатысуға мүмкіндік алады. Бұл шаралар әлеуетті жұмыс берушілердің бос орындарға үздік бітірушілерді тартуына мүмкіндік туғызады. Кафедра әлеуметтік тапсырыс пен қоғам қызығушылығын ескере отырып, бітіруші түлектерді әлеуметтік-экономикалық жағынан қорғалған маман ретінде дайындауға ат салысады. Бітіруші түлектердің 80 %-ы жұмыспен қамтылады.

Курсты бағалау бойынша сауалнама әзірленген, онда білім алушылар оқу пәнін оқыту сапасын айқындайды. Сауалнаманы кафедра оқу курсына оқып бітіргеннен кейін жүргізеді. Алынған нәтижелер негізінде оқытушы оқу курсының мазмұнын жақсартуға, оқыту әдістемесін түзетуге және сол арқылы білім алушылардың қанағаттанушылығын арттыруға мүмкіндік алады. Сауалнама Сырдария университеті білім беру сапасын бағалау және мониторинг бөлімінің сайт парақшасында еркін қол жетімді. (www.sirdariya.kz). Кафедра сауалнамаларының талдауы жеке алынған пәнді оқыту сапасына білім алушылардың орта есеппен 100% қанағаттанатынын көрсетті. Білім алушылардың ұсыныстары кафедра оқытушыларымен курстардың оқу бағдарламасын түзету кезінде ескеріледі. Мониторинг құралдары сабақтарды өткізу сапасын талдау алгоритмдері, оқу процесіне қатысушылардың білім сапасына қанағаттануын өлшеу сауалнамалары, аралық, қорытынды бақылауды, білімді аралық бақылау жүргізуге арналған бақылау-өлшеу материалдары, аттестатталатын кезеңде оқытушылар жұмысының тиімділігін бағалауға арналған фактографиялық парақтар, ішкі

аттестаттауға арналған оқытушылар жұмысын бағалау көрсеткіштері, оқытушылардың кәсіби жетістіктерінің электрондық банкі болып табылады.

Дипломдық жобаларды орындау «Ғылыми жұмыстарды орындаудың жалпы талаптары мен ережелері» регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Сайтты қарау <http://www.antiplagiat.ru> университетте курстық, дипломдық жұмыстар мен жобаларды орындау дербестігінің дәрежесін бақылау мақсатында заңсыз қарыз алуларға мәтіндік құжаттарды тексеру жүйесі - "Антиплагиат" online жүйесі пайдаланылатынын куәландырады. Сонымен қатар бітіру жұмысын тапсыру кезінде бітіруші "Антиплагиат" жүйесінде бітіру жұмыстарын тексеру туралы өтінішті толтырады. Түлектер сайтта курстық жұмыстарды, дипломдық жұмыстарды және жобаларды өздігінен тексере алады <http://www.antiplagiat.ru>. Университет қабырғасында бітірушілерге компьютерлік сыныптарда өзін-өзі тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сарапшылар білім алушыларды қорытынды аттестаттау мемлекеттік емтихандар және дипломдық, жобалық жұмыстарды қорғау түрінде өткізілетінін анықтады. Алмасу тәртібімен келген басқа ЖОО студенттерін ЖОО жағдайларына, оқу жағдайларына бейімдеу үшін университет оларды студенттерді қолдау қызметінің кеңесші-консультанттарымен қамтамасыз етеді. Бұл іс-шаралардың нәтижелілігін қорытынды мемлекеттік емтихандардың, дипломдық жұмыстарды қорғау нәтижелерінің жоғарғы көрсеткіштері, іс-тәжірибе жетекшілерінің, диплом жұмыстарға берген рецензент пікірлері, мемлекеттік аттестаттау комиссиясы төрағасының қорытындысы куәлендіреді.

Сараптау комиссиясы жаратылыстану факультетінің деканатына барып, келесіні анықтады:

Соңғы 5 жылдағы 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» БББ бойынша оқитын студенттердің абсолюттік үлгерімі

Оқу жылы	2015-2016	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020
Үлгерім (%)	88%	87%	93%	91%	96%

Білім беру бағдарламасын іске асыру нәтижелері сандық индикаторлар арқылы бағаланады, олардың ішінде үлгерім көрсеткіштері: 2016 жылмен 2020 жылдар арасында 68 бітіруші тек жақсы және өте жақсы деген бағалармен оқыған; олардың бесеуі үздік диплом алған.

Бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында қажеттілігі туралы даярлық бейіні бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіштері куәландырады. 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасы түлектерінің жұмысқа орналасу пайызы есепті кезеңде орта есеппен 80% құрайды. Түлектер қала мен Жетысай. Мақтарал аудандарының жалпы білім беретін, мамандандырылған мектептерінде, №3 Дарын мектеп – интернатында жұмыс істейді, алайда олардың басқа ЖОО-да магистратурада оқуын жалғастыру туралы мағлұматтар табылмады.

Әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерімен танысу барлық сұралған жұмыс берушілер білім беру бағдарламалары түлектерінің дайындық деңгейін оң бағалағанын көрсетті - қанағаттану көрсеткіші 100% құрады. Университет сайтын қарау жұмыс берушілердің түлектердің кәсіби құзыреттерінің деңгейін және олардың қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін жоғары бағалайтындығын көрсетеді.

Кафедра отырысының хаттамалары орта білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты кафедрада студенттерді Математиканы оқыту әдістемесі, критериалды бағалау технологиясы, дескрипторлармен жұмыс бойынша даярлау күшейтілгенін куәландырады. "Жұмыс берушілер үшін" университетінің сайт бетінде бітіруші курстың үздік студенттері туралы ақпарат орналастырылған және білім алушылардың ағымдағы GRA-мен танысу үшін "студентке" сайт бөліміне ішкі сілтеме жасалған.

Сараптамалық комиссия университеттің және жұмыс берушілердің МББ әзірлеу кезіндегі бірлескен қызметі Еңбек нарығының талаптары мен ЖОО мүмкіндіктерін ескере отырып, түлектердің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейіне қойылатын талаптарды нақтылауға мүмкіндік беретінін анықтады. Модульдік білім беру бағдарламасында тұжырымдалған құзыреттер МЖМБС талаптарының дайындық ерекшелігін көрсетеді.

Ұсыным: түлектердің жұмысқа орналасу пайызын арттыру және магистратура бағдарламасын ашу ұсынылады.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының төртінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 5. ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ

Дәлелдемелер және талдау

Университетті тексеріп қарап шығу, сондай-ақ Кадр бөлімінің басшысымен сұхбат нәтижесінде оның іс-әрекеті "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, ҚР Еңбек кодексіне, университет Жарғысына, педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, Сырдария университетінде ПОҚ лауазымдарына орналасу конкурсы туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті. Профессор-оқытушылар құрамы "Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларына", сондай-ақ "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар

лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына" сәйкес қалыптасатындығына көз жеткізілді.

Сырдария университетінің кадрлар бөлімі, академиялық ұтқырлық секторы оқытушыларды жалдау, жұмыспен қамту шарттары және біліктілігін арттыру бойынша жұмысты жүзеге асырады. Жұмысқа қабылдау кезінде ғылыми және академиялық дәрежесі бар қызметкерлерге және жас ғалымдарға артықшылық беріледі. Жеке жетістіктерінің нәтижелері бойынша кадрларды тұрақты аттестаттау енгізілген. Университетте білім беру қызметіне инновациялық тәсілді ескере отырып, ПОҚ конкурстық іріктеу талаптарының тиімді жүйесін әзірлеу, зерттеу жұмысына жүйелі қатысу, жетекші басылымдардағы жарияланымдар, Ғылыми дәрежелер мен атақтар алу бойынша жұмыс жүргізіледі. Профессор-оқытушылар құрамы жұмысқа «Сырдария» университетінің профессор-оқытушы құрамының конкурстық орналасу қағидалары негізінде жұмысқа қабыланады (www.sirdariya.kz)

«Сырдария» университетінің сайтында (www.sirdariya.kz) (факультеттер бөлімі: «Жаратылыстану», «Жоғары математика және физика» кафедрасы) білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін кафедра оқытушылары туралы жалпы ақпарат бар.

Сараптамалық комиссия: қазіргі уақытта 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» оқу бағдарламасы бойынша жоғары білікті ПОҚ қызмет көрсететінін нақтылады: 12 ғылым кандидаты, 3 ғылым магистрі. Базалық пәндерді оқытуды 4 ғылым кандидаты, бейіндік пәндерді – 3 ғылым кандидаты жүзеге асырады. Штаттық оқытушылармен қамтамасыз етілуі – 100%. 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» оқу бағдарламасы базалық білімі бар жоғары білікті ПОҚ-мен қамтамасыз етілген. Ағымдағы жылы ПОҚ штаттық саны 15 адамды құрайды.

МББ-мен, ПОҚ-ның жеке жоспарларымен танысу, білім беру бағдарламаласы кафедрасының меңгерушісімен сұхбат келесі қорытындыны жасау мүмкіндігін берді:

- оқу жүктемесі жұмыс оқу жоспарларына сәйкес қалыптастырылады;
- есепті кезеңде мамандық дайындайтын "Жоғары математика және физика" кафедрасындағы профессор-оқытушылар құрамының жылдық педагогикалық жүктеме көлемі орта есеппен 25 кредит (750 сағат) құрайды;
- оқу жүктемесі ғылыми зерттеу бағытын ескере отырып, оқытушының жеке жұмыс жоспары негізінде қалыптасады.
- оқытушылардың жұмыс жүктемесі "оқытушының жеке жоспары" журналында, сондай-ақ электрондық журналда көрсетіледі.
- жеке жоспарларды оқу жылы басталғанға дейін кафедра меңгерушісі, декан, жетекшілік ететін проректорлар бекітеді.
- оқу-әдістемелік жүктемеге оқу-әдістемелік құралдарды, электрондық оқулықтарды, слайдтық презентацияларды әзірлеу; факультеттің, университеттің кафедра және әдістемелік комиссиясының жұмысына қатысу кіреді;

- есепті кезеңде кафедраның ПОҚ-ы түрлі формада біліктілігін арттыру курстарынан өткен. Кафедрада ПОҚ біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде: соңғы бес жылда Жолдасов С.А., Тимкин С.Л., Тлеубердиева Р., Камбарова О., Жаңабаев Ж.Д., Қарашева К., Бердалиева Т.Д., Мааткеримов А., Кытайбеков Е.Т. біліктілігін арттырған.

Кестеге сәйкес оқытушылар біліктілікті арттырудан өтіп, заманауи интерактивті әдістер мен технологияларды оқып, сертификаттар алған. Есептік кезеңде кафедраның 8 оқытушысы "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығында және "Назарбаев Зияткерлік мектептері" бағдарламасы бойынша біліктілігін арттырған. Кафедраның ПОҚ орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы бойынша семинарларға қатысқан, заманауи математиканың іргелі мәселелері бойынша, электрондық оқу құралдарын әзірлеу бойынша курстардан өткен. Кафедралардың ПОҚ on-line курстары бойынша сертификаттары бар. Университетте оқытушылардың кәсіби дамуы мен оларды ынталандыру үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы оқытушылардың білім көтеру немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңде (семестрге немесе оқу жылына) өзінің білімін жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орнына ұтқырлық бағдарламасы бойынша барып, білімін арттыру мүмкіндігі жолға қойылған. Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс істейді: сыртқы (халықаралық) – шетелдік ЖОО-да оқытудан өту және ішкі (ұлттық) – жетекші қазақстандық ЖОО-да оқыту. Академиялық ұтқырлық шеңберінде еліміздің және шетелдік ЖОО-дарына профессор-оқытушыларға білім беру мүмкіндігін береді.

Сарапшылар білім беру бағдарламасы бойынша шет елдік ЖОО-да ПОҚ академиялық ұтқырлығы туралы ақпаратты анықтады. Соңғы 5 жылда тех.ғ.к., доцент Жаңабаев Жолдас Дүйсебаевич (И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінде), п.ғ.к., доцент Бердалиева Тилла Досыбаевна және тех.ғ.к., доцент Жолдасов Сазахан Аманович (Тәжік педагогикалық институты Пенджикент қ.) өз біліктілігін арттыру курстарынан өткендігін анықтады. Бұл жалпы оқытушылар құрамының 20% құрайды. Бұл білім беру бағдарламасының сапасын арттыру үшін жеткіліксіз.

Сараптау комиссиясы Сырдария университетінде ПОҚ-ның Академиялық адалдығы мен академиялық еркіндігін қолдау бойынша қажетті шаралар қабылданатынына көз жеткізді. Сырдария университетінің корпоративтік этика кодексін сақтау бойынша ПОҚ арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларда Сенім телефондары көрсетілген, университет сайтында Ректор блогы ашылған, оған кез келген оқытушы мен қызметкер жүгіне алады.

Сарапшылар университетте магистранттар, докторанттар мен оқытушылар түрлі деңгейдегі халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми конференцияларға белсене қатысатынын анықтады. Соңғы 5 жылда кафедраның профессор-оқытушылар құрамы 1 монография, пәндер бойынша 22 оқу-әдістемелік кешен, пәндері бойынша 8 электронды дәріс жиынтығы, 10

мультимедиялық презентация дайындалған. Ғылыми жұмыс нәтижелерін, электронды оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдарды оқу үрдісіне енгізу туралы актілері бар.

ПОҚ тәрбие жұмыстары кафедрадағы тәлімгерлік жұмыстардан, оқу-тәрбиелік іс-шараларға қатысудан, студенттердің оқудан тыс уақыттарын ұйымдастыруды құрайды. Кафедрада тәрбие жұмыстарын басқару процесінде академиялық топ тәлімгерінің жұмысы маңызды орын алады. Кафедра оқытушылары студенттерге арналған мәдени-көпшілік және спорттық-сауықтандыру іс-шаралардың ұйымдастырушылары және белсенді қатысушылары болып келеді. Тәрбиелік жұмыс кафедраның жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жұмыстардың барлық түрлері оқытушының жеке жоспарында көрініс табады.

Сарапшылар университетте магистранттар мен докторанттарға дәріс оқуға жетекші ғалымдар шақырылатынын анықтады. Кафедрада Абай атындағы ҚазҰПУ, Ясауи атындағы ХҚТУ, Әуезов атындағы ОҚМУ сияқты республиканың жетекші жоғары оқу орындарынан жоғары білікті мамандарды оқыту мен ғылыми-зерттеу қызметіне тарту және ынтымақтастық жоспары әзірленген.

Ескерту: шет елдерден дәріс оқуға тартылған жетекші ғалымдардың болмауы. Математика кафедрасындағы ПОҚ-ы бойынша шет елде өтетін академиялық ұтқырлық деңгейінің төмендігі. Ол 20% құрайды.

Ұсыным: шет елдердің жетекші ғалымдарын дәріс оқуға шақыруды арттыру қажет. Бітіруші Жоғары математика және физика кафедрасының ПОҚ-ның сыртқы академиялық ұтқырлығын дамыту жоспарын күшейту қажет. ПОҚ-на сыртқы ұтқырлықты 40% арттыру ұсынылады.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының бесінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік.

СТАНДАРТ 6. МАТЕРИАЛДЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР

Дәлелдемелер және талдау

Университетті тексеру барысында, сондай-ақ университеттің құрылымдық жетекшілерімен сұхбат нәтижесі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- Сырдария университетінде студенттерді қолдау үшін әртүрлі сервис қызметтері жұмыс істейді. Студенттердің білім алу мақсаттарын жүзеге асыру үшін Сырдария университетінде офис регистраторы білім алушылардың игерілген кредиттерін есепке алуды ұйымдастыруды, басқаруды және бақылауды, ҚР БҒМ нормативтік және регламенттеуші құжаттарының талаптарына сәйкес оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізуді жүзеге асырады. Сырдария университетінің кітапханасы оқу процесін, ғылыми-

зерттеу және тәрбие жұмысын әдебиеттермен және басқа да құжаттармен, сондай-ақ қызметтің әртүрлі кәсіби салаларындағы жетістіктер туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған. Студенттерге университет ресурстары қолжетімді: электрондық ресурстар залы бар ғылыми кітапхана, баспа үйі, конференц зал, акт залы, медициналық орталық, "студенттер үйі" стадиондары мен жатақханалары, Денсаулық сақтау пункті, әрбір оқу корпусындағы асханалар мен буфеттер, спорт залдары. Жеке және мәдени қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін студенттік клуб жұмыс істейді, онда шығармашылық студенттік топтар айналысады.

- Студенттер университет сайты арқылы білім беру порталына қол жеткізе алады, онда пәндер бойынша әдістемелік материалдар және академиялық рейтинг нәтижелері көрсетілген үлгерімнің электрондық журналы; оқу сабақтарының кестесі мен консультациялар кестесі; оқу пәндері бойынша білімді өзін-өзі бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін байқау тестілеу бағдарламасы; эдвайзерлер командасы студенттерге әдістемелік көмек көрсетеді, олар элективті пәндер мен оқытушыларды таңдаумен байланысты мәселелер бойынша білім алушыларға консультация береді.

Сарапшылар БББ нәтижелерінің ашықтығы мен объективтілігі үшін Сырдария университетінде Platonus автоматтандырылған жүйесі әзірленіп, енгізілгенін анықтады. ББ студенттері Platonus бағдарламасын сабақ пен пәннің әрбір түрі бойынша оқу нәтижелерін бақылау, өз үлгерімінің рейтингі бойынша нәтижелерді және бар кемшіліктерді бақылау, сондай-ақ ағымдағы семестрде оқытылатын барлық пәндер бойынша электрондық ақпарат (әдістемелік материалдар, дәріс конспектілері, емтихан материалдары) алу үшін пайдаланады.

"Бір кеңсе" қағидаты бойынша қызмет көрсету саласындағы процестерді оңтайландыру және автоматтандыру мақсатында университет білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің барлық санаттарына қызмет көрсету кіретін "студенттерге қызмет көрсету орталығы" жұмыс істейді (www.syrdariya.kz/ru).

Сабақтарды сапалы өткізу және ғылыми зерттеулерді орындау үшін материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында университетте 15 компьютерлік сынып, 13 интерактивті тақта, 3 смарт-тақта, 24 мультимедиялық проекторлар, 3 электрондық оқу залы, 2 лингафондық кабинет, интерактивті жабдықпен жарақтандырылған 17 зертхана бар, олар 265 компьютерлік техника бірлігімен жабдықталған. Оның ішінде Жоғары математика және физика кафедрасының инфрақұрылымына 3 интербелсенді жүйелермен және көрнекілік құралдармен жабдықталған лекциялық залдар; студенттер мен оқытушылар отырып жұмыс істеуге және тегін интернет желісін пайдалануға мүмкіндіктері бар 4 компьютерлік зал; оқытушыларға арналған 2 кабинет енген. Университетте электронды құжат айналымы іске қосылған.

Университетте ақпараттық және кітапханалық қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесі құрылған. Студенттер қажетті компьютерлік

бағдарламалармен, мультимедиялық проекторлармен және интерактивті тақтамен жабдықталған кабинеттерде аудиториялық сабақтар өткізу арқылы компьютерлік сыныптарды еркін қол жетімді ету арқылы ақпараттық-коммуникациялық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету БББ студенттері үшін оқу сабақтарын сапалы өткізуге мүмкіндік береді. Ғылыми кітапхана 5 оқу ғимараты мен студенттер үйінде орналасқан. Оқырмандарға ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету 14 қызмет көрсету бекетінде жүргізіледі: 1 абонементте, 5 мамандандырылған оқу залдарында, 5 кітапханаларда және 3 электрондық оқу залдарында, 30 компьютермен, Led-теледидармен, бейнепроекторлармен жаңғыртылған. Бірыңғай ақпараттық-кітапхана қоры 349 062 дана, оның ішінде мемлекеттік тілде 316 012 дана барлық типтегі және басылым түрлерін құрайды. Кітапханаға жаңа түскен әдебиеттер саны, оның ішінде: 2015-2016 оқу жылы - 334 900 дана, 2016-2017 оқу жылы -335 900 дана; 2017-2018 оқу жылы -337 080 дана, 2018-2019 оқу жылы - 343 571 дана, 2019-2020 оқу жылы - 349 062 дана. Дегенмен отандық жағдайға бейімделген ағылшын тіліндегі оқулықтар мен оқу әдебиеттерінің жеткіліксіздігі анықталды. Университетте заманауи кітапхананы құру үшін кітапхана-библиографиялық үрдістерді ТОО «Kazakh soft» компаниясы өндеген «Кабис» (Қазақ автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі) лицензияланған бағдарламасы енгізілген. Кітапхананың 6 қызметкері Қазақ автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі курсына толық бітіріп, сертификат алған.

Университетте Интернетке шығатын компьютерлік желі жұмыс істейді, ол университеттің барлық бөлімшелерін, сондай-ақ компьютерлік сыныптарды және кітапхананың электрондық оқу залын қамтиды. Интернетке қосылу мүмкіндігі 100 Мбит/сек құрайды. Wi-Fi кіру нүктелері Сырдария университетінің барлық корпустарында бар.

3 оқу залы, заманауи компьютерлермен, сканерлермен, принтерлермен және басқа да қажетті жабдықтармен жабдықталған ғылыми залы бар Университет кітапханасы барлық келушілерге бір уақытта электронды ресурстарға еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сырдария университетінің бірыңғай кітапханалық және ақпараттық қызмет көрсету жүйесі жұмыс істейді. Сырдария университеті кітапханасының кітап қоры жыл сайын 3% - дан 5% - ға дейін жаңартылып отырады. Әдебиеттерді сатып алу кафедралар мен факультеттердің өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Білім беру және ғылыми қызметті қамтамасыз ету үшін ғылыми мерзімді басылымдарға жазылу жүзеге асырылады. Ағымдағы жылы ББ қамтамасыз ету үшін арнайы мерзімді басылымдардың 30-тан астам аталымына жазылған. Сырдария университетінің кітапханасында жекелеген оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдардың электрондық нұсқаларына қолжетімділікті қамтамасыз ететін электрондық каталог бар. Электрондық каталог оп-line режимінде ақпаратты іздеу және алудың заманауи талаптарына сәйкес келеді, университеттік және сыртқы дерекқорлардың толық мәтінді ақпаратын алуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ЭК ДБ көлемі 175031 библиографиялық жазбаны құрайды. Электрондық кітапхана барлық оқу корпусарында корпоративті желі бойынша (<http://89.218.153.154:280/cdo>) және интернет (www.ko-sirdariya.kz) арқылы қол жетімді. Оқытушылар мен студенттердің түрлі басылымдық отандық және шет елдік мәліметтер қорын пайдалануға мүмкіншіктері бар, олардың ішінде «Единая электронная библиотека», «Республиканская межвузовская электронная библиотека», «Заң», «Параграф», «Электронная библиотека диссертаций РГБ», Science, Elsevier, Springer, Thomson Reuters.

Сырдария университеті мемлекеттік білім беру тапсырысымен және ақылы білім беру жүйесімен жұмыс істейді. Университет жыл сайын БББ бойынша оқу ақысын шығын есебіне сәйкес бекітеді. 2019 жылы білім беру үдерісіне байланысты (еңбек ақының өсуі, коммуналды қызмет көрсету тарифінің өсуі, т.б.) және инфляция себебінен шығынның өсуіне байланысты Ғылыми Кеңес шешімімен 2019-2020 оқу жылында 1 курсқа түсушілер үшін бір жылдық оқу ақысы 312 000 теңгені құрайды.

Сырдария университетінде оқу-тәрбие үрдісінде және оқудан бос уақытта студент жастардың белсенділігін жан-жақты дамыту және арттыру үшін жастар ұйымдары құрылған, олар: Жастар ісі жөніндегі комитет, Студенттік кәсіподақ ұйымы, "Жас Отан" жастар қанаты, Қазақстан Студенттер Альянсы, "Біз біргеміз" еріктілер тобы, "Жасыл Ел" студенттік жасақтары және студенттік құрылыс жасақтары, "Сырдария" көңілді-тапқырлар клубы және би ансамблі, вокалды-аспаптық ансамбль ұйымдастырылған.

Сырдария университетінде студенттерді қолдау қызметі қызметкерлерінің кәсіби деңгейіне үлкен көңіл бөлінеді. Қолдау қызметінде жұмыс істейтін барлық қызметкерлер біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Жыл сайын оқу процесін ұйымдастырудың негізгі ережелерін, студенттердің академиялық ұтқырлығын және білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптарды түсіндіру бойынша әдістемелік семинарлар өткізіледі. Университетте үнемі эдвайзерлер мен ПОҚ біліктілігін арттыруға көңіл бөлінеді. Жыл сайын біліктілікті арттыру және педагогикалық шеберлік мақсатында эдвайзерлер үшін семинар-тренингтер өткізіледі.

Ескерту: Отандық жағдайларыға бейімделген ағылшын тіліндегі оқу әдебиетімен қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі.

Ұсыным: Жалпы білім беретін орта мектептерде жаратылыстану бағытындағы пәндер ағылшын тілінде оқытыла бастауына байланысты кітапхананы отандық жағдайларыға бейімделген ағылшын тіліндегі оқу әдебиетімен қамтамасыз етуді күшейту қажет.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының алтыншы стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік.

СТАНДАРТ 7. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Дәлелдемелер және талдау

Университетті тексеру нәтижесі, сондай-ақ студенттермен, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен және ПОҚ-мен сұхбат барысында келесілер туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- Сырдария университетінің білім беру бағдарламалары, университеттің жетістіктері туралы ақпаратты орналастыру, хабарландырулар, ақпараттық репортаждар дәстүрлі түрде өткізіледі, сондай-ақ университет хабарларында, баспа және ақпараттық басылымдарда және университет сайтында орналастырылған электрондық нұсқада жарияланады (<http://portal.sirdariya.kz>). ПОҚ, студенттер және ЖОО қызметкерлерімен тікелей байланыс орнату үшін "Ректор блогы» жұмыс істейді;

- 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» ББ туралы ақпарат университет сайтында "жаратылыстану факультетінің – факультеттер" бетінде, "талапкерлерге арналған ақпарат" бөлімінде орналастырылған. ББ бойынша ақпарат толық ұсынылған және талапкерлер үшін мамандық таңдау үшін, практика базасын таңдау үшін, жұмыс берушілер үшін қалыптасатын құзыреттермен танысу мақсатында пайдалы болып табылады;

- сайттың "Академиялық ұтқырлық. Шетелдік тағылымдамалар - ішкі / сыртқы академиялық ұтқырлық" тақырыбында әріптес жоғары оқу орындары, қажетті құжаттар, талаптар мен шарттар туралы толық ақпарат орналастырылған.

- университеттің ресми Web-сайты бар (<http://www.sirdariya.kz>) университет тарихы, миссиясы, университеттің стратегиялық даму жоспары, сапа саласындағы саясаты, этикалық нормалар кодексі туралы ақпаратты, алқалы органдар, құрылымдық бөлімшелер мен факультеттер, оқытушылар, университеттік конкурстар, Халықаралық жобалар, академиялық ұтқырлық бағдарламалары, порталдар туралы ақпаратты қамтитын қазіргі заманғы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұсынады. Сайтта «Жаңалықтар», «Университет жайлы», «Ғылыми кеңес», «Факультеттер», «Бөлімдер», «Жастар», «Абитуриент» бөлімдері бар. Сайт Сырдария университетін ғаламдық Интернет желісінде таныстырады, университет имиджін қалыптастыруға жәрдемдеседі, талапкерлер, білім алушылар, жұмыс берушілер, түлектер, университет қызметкерлері үшін ақпараттық ортаны қамтамасыз етеді, жұртшылық үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

- сайтта маңызды оқиғалар (жаңалықтар, хабарландырулар), қызметтің түрлі саласындағы жетістіктер, үздік оқытушылар, студенттер, бітірушілер, олардың жетістіктері туралы ақпараттар шұғыл түрде орналастырылады. Сайтта басқа Web-ресурстарға сілтемелер бар, олардың ішінде мемлекеттік органдардың, университет партнерлерінің, ақпараттық порталдар және т.б

сайттар бар. 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының оқытушылары туралы ақпаратты www.sirdariya.kz сайтынан табуға болады.

- сайттың негізгі бетінде ректордың блогы орналасқан. Ректор блогы ЖОО басшылығын хабарласқан субъектімен, кері байланысты қамтамасыз етеді: білім алушылар және олардың ата-аналарымен, қызметкерлермен, профессор-оқытушы құрамымен, тұтынушылармен, көпшілік өкілдерімен, және ректордың электрондық почтасы ретінде қолданылады. Университет басшылығы мен көпшілік арасындағы кері байланыс қосылып тұрған ректор блогы оперативті болып келеді.

Талапкерлер үшін пайдалы ақпарат сайттың "Абитуриент" бөлімінде орналастырылған. "Студент" бөлімінде академиялық сабақтар кестесіне қол жеткізу мүмкіндігі бар, "Жастар" бөлімін жандандыру жолымен "мәдени және қоғамдық өмір" тармағы Жастар ісі жөніндегі комитеттің, Студенттер сарайының, Фотогалереяның ақпаратымен танысу үшін бірқатар сілтемелер ұсынады; "Студент - кәсіптік практика" бөлімі кәсіптік практиканы өткізу қағидалары туралы ақпаратты ұсынады. 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» ББ студенттерінің тәжірибе базалары "Жаратылыстану факультеті – Жоғары математика және физика кафедрасы" бөлімінде ұсынылған; сондай – ақ Сырдария университетін сайтында (<http://www.sirdariya.kz>) "Студент – студенттердің академиялық рейтингі" бөлімінде GPA балы жоғары ББ-да студенттер туралы ақпарат көрсетілген. Бітіруші кафедра оқытушыларының ақпараттық түйіндемелері "Факультеттер – Жаратылыстану факультеті" – Жоғары математика және физика кафедрасы" кафедра бетінде ұсынылып, оқылатын курстар, ғылыми қызығушылықтар, біліктілікті арттыру және 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқыту нәтижелері туралы ақпарат көрсетілген.

Бітіруші Жоғары математика және физика кафедрасы тарапынан автоматталған ақпараттық PLATONUS жүйесінде бітірушілердің жұмыспен қамтылуы, өз БББ бойынша жұмысқа орналасуы немесе жұмыс істемейтіндігі туралы ақпараттар (әсіресе соңғы 5 жылдық кезең) енгізілген.

Университет сайтында көрініс тапқан «Университеттің сапа саясатында талапкерлерді қабылдау шарттары («Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде) студенттерді оқыту шарттары мен қағидалары, емтихандар, сынақтар, баға қоюдың критерийлері мен әдістері бойынша ақпараттар берілген ата-аналарға, студенттерге, талапкерлерге сайт арқылы ақпарат алуға мүмкіндік жасалған. Сол себепті «Сырдария» университетінің Қазақстан ЖОО – ның ұлттық рейтингінде 17 – орынды иеленуі осының дәлелі болып табылады.

Оқу үдерісінің күнтізбесі, емтихан, практика, межелік бақылау, демалыс, жазғы семестр, қорытынды аттестация, туралы ақпарат Университеттің «Академиялық күнтізбесінде» сондай-ақ «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде нақты көрсетілген.

Университеттің «7 Сыр» республикалық басылымында оқу-тәрбие үдерісіндегі ақпараттар жарияланып отырады. Атап айтқанда, студенттер мен профессор-оқытушылардың танымдық-эстетикалық, ақпараттық, ғылыми-көпшілік шығармашылығы баспасөз бетінде үнемі жарияланып келеді. Сонымен қатар кәсіби бағдар кезеңіндегі жарнамалық ақпараттар студенттер контингентін қамтамасыз етуге септігін тигізетіні анықталды.

Сырдария университетінің материалды-техникалық базасының мән-жайын зерделеп отыру, білім беру бағдарламасының кітапханалық-ақпараттық қамтамасыздануының жеткіліктілігін және жаңартылып отыруын талдауды университеттің әкімшілік-шаруашылық бөлімі қадағалайды. Студенттер контингенті туралы ақпаратты жинақтаумен студенттік бөлім айналысады. 6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің прогресін, олардың жетістіктерін және академиялық рейтингін есепке алуды офис-регистратор бөлімі жүргізеді. Оқыту ресурстарының қол жетімділігі және студенттерге қолдау көрсету туралы ақпараттармен факультет деканаты және эдвайзерлер айналысады. Жоғарыда аталған бөлімдер туралы толық және нанымды ақпаратты университет сайтынан алуға болады «www.sirdariya.kz».

Бакалавриатта оқыту процесін әрі қарай жақсарту үшін мониторингтік қызмет ақпаратын және жұмыс нәтижелерін талдау нәтижесі, біліктілік берілу, ЖОО оқыту, студенттердің жалпы үлгерімі және оқу үшін қолжетімді мүмкіншіліктер туралы ақпарат мынандай іс-шаралар мен жиындарда: бітірушілердің дипломдық жұмыстарын қорғау кезінде МАК шешімін хабарлағанда, ЖОО бітіргенде салтанатты түрде дипломдарды табыстағанда, есеп беру жиналыстары мен мәжілістерде, «Білім күні», «Ашық есік күні» іс-шараларында жүзеге асырылады.

6B01501 - «Математика мұғалімін даярлау» / 5B010900 - «Математика» білім беру бағдарламасының жетінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты – толық сәйкестік.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару – толық сәйкестік.

Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау – елеулі сәйкестік.

Ескерту: БББ бойынша академиялық сыртқы және ішкі ұтқырлық шеңберінде студент алмасу толықтай өз шешімін таппай отырғандығы байқалады (сыртқы-3, ішкі -3), 6,36% құрайды, бұл болашақ математик мұғалімдердің негізгі құзыреттерін дамытуға, қалыптастыруға толық ықпал етпейді.

Ұсыным: болашақ математика мұғалімдерінің негізгі құзыреттіліктерін дамытудың бір қыры-сыртқы, ішкі ұтқырлық шеңберінде студент алмасу, өз кәсіби шеберліктерін шыңдау, жаңа технологиялық, әдістемелік және пәндік материалдармен, құзыреттіліктермен қамтамасыздандыру. Осыған байланысты білім алушылардың академиялық сыртқы және ішкі ұтқырлығын 15% арттыруды ұсынамыз.

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау - толық сәйкестік.

Стандарт 5. Профессорлық-оқытушылық құрам және оқыту тиімділігі – елеулі сәйкестік.

Ескерту: шет елдерден дәріс оқуға тартылған жетекші ғалымдардың болмауы. Математика кафедрасындағы ПОҚ-ы бойынша шет елде өтетін академиялық ұтқырлық деңгейінің төмендігі. Ол 20% құрайды.

Ұсыным: шет елдердің жетекші ғалымдарын дәріс оқуға шақыруды арттыру қажет. Бітіруші Жоғары математика және физика кафедрасының ПОҚ-ның сыртқы академиялық ұтқырлығын дамыту жоспарын күшейту қажет. ПОҚ-на сыртқы ұтқырлықты 40% арттыру ұсынылады.

Стандарт 6. Материалды-техникалық база және ақпараттық ресурстар – елеулі сәйкестік.

Ескерту: Отандық жағдайларыға бейімделген ағылшын тіліндегі оқу әдебиетімен қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі.

Ұсыным: Жалпы білім беретін орта мектептерде жаратылыстану бағытындағы пәндер ағылшын тілінде оқытыла бастауына байланысты

кітапхананы отандық жағдайларыға бейімделген ағылшын тіліндегі оқу әдебиетімен қамтамасыз етуді күшейту қажет.

Стандарт 7. Жұртшылықты ақпараттандыру – толық сәйкестік.

ПРОГРАМА
внешнего аудита экспертной группы IQAA
по специализированной аккредитации
университета Сырдария
с 12 по 13 октября 2020 года

Время	Мероприятие	Участники	Место
11 октября в течение дня	Заезд членов ВЭГ		Гостиница
<i>День 1-й: 12 октября 2020 г.</i>			
До 8:30	Завтрак	Р, ЭГ, К	Гостиница
8:30	Сбор в фойе гостиницы	Р, ЭГ, К	Гостиница
8:50	Прибытие в Университет	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
9:00-10:00	Брифинг, обсуждение организационных вопросов	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
10:00-10:30	Встреча с учредителем Сырдария	Р, ЭГ, К, Учредители	Кабинет ВЭГ
10:30-10:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
10:45-11:15	Интервью с ректором Сырдария	Р, ЭГ, К, Ректор	Кабинет ректора
11:15-11:30	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
11:30-12:00	Интервью с проректорами Университета	Р, ЭГ, К, Проректоры	Кабинет ВЭГ
12:00-13:00	Визуальный осмотр материально-технической и учебно-лабораторной базы по направлениям аккредитуемых образовательных программ	Р, ЭГ, Деканы факультетов, Заведующие кафедрами	Учебный корпус
13:00-14:00	Обед	Р, ЭГ, К	Учебный корпус
14:00-14:30	Интервью с руководителями структурных подразделений МОК	Р, ЭГ, К, РСП	Кабинет ВЭГ
14:30-14:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы.	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
14:45-15:15	Интервью с деканами и заведующими кафедр	Р, ЭГ, К, Деканы, заведующие кафедрами	Учебный корпус
15:15-15:30	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы.	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
15:30-16:00	Интервью с ППС кафедр по направлениям аккредитуемых образовательных программ	Р, ЭГ, К, ППС кафедр	Кабинет ВЭГ
16:00-17:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Изучение документации по аккредитуемым образовательным программам	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ

17:00-17:30	Интервью с выпускниками	Р, ЭГ, К, выпускники	Учебный корпус
17:30-17:45	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
17:45-18:15	Интервью с работодателями	Р, ЭГ, К, работодатели	Учебный корпус
18:15-19:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
19:30	Прибытие в гостиницу	Р, ЭГ, К	Гостиница
19:30-20:30	Ужин	Р, ЭГ, К	Гостиница
День 2-й: 13 октября 2020 г.			
До 8:30	Завтрак	Р, ЭГ, К	Гостиница
8:30	Сбор экспертов в фойе гостиницы	Р, ЭГ, К	Гостиница
8:50	Прибытие в Университет	Р, ЭГ, К	Учебный корпус
9:00-12:00	Выборочное посещение баз практик и учебных занятий. Изучение документации кафедр по направлениям аккредитуемых образовательных программ	Р, ЭГ, Заведующие кафедрами, ППС, Сотрудники	Учебный корпус
12:00-12:30	Интервью со студентами и магистрантами	Р, ЭГ, К, Студенты, магистранты	Учебный корпус
12:30-13:00	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Изучение документации по аккредитуемым образовательным программам	Р, ЭГ, К	Кабинет ВЭГ
13:00-14:00	Обед	Р, ЭГ, К	Учебный корпус
14:00-17:30	Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Приглашение отдельных представителей кафедр и структурных подразделений по запросу экспертов. Подготовка отчетов по внешнему аудиту	Р, ЭГ, Заведующие кафедрами, РСЦ	Учебный корпус
17:30-18:00	Встреча с руководством для представления предварительных итогов внешнего аудита	Р, ЭГ, К	Кабинет ректора
	Отъезд экспертов	По графику отъезда	Гостиница

Примечание: Р – руководитель ВЭГ, ЭГ – экспертная группа, К – координатор группы

УЧАСТНИКИ ИНТЕРВЬЮ УНИВЕРСИТЕТА «СЫРДАРΙΑ»

Ответственный за проведение специализированной аккредитации

№	Ф. И. О.	Должность, ученая степень, звание
1	Абдуллаева Жазира Дайрабаевна	Руководитель отдела менеджмента качества, аккредитации и мониторинга, ст.преподаватель

Руководство университета

№	Ф. И. О.	Должность, ученая степень, звание
1	Мамраимов Серик Даулетович	Ректор к.и.н., доцент

Руководители структурных подразделений

№	Ф.И.О.	Должность, структурное подразделение
1	Абдуразова Перизат Адилбековна	Проректор по научной работе и международным связям, доктор философии (PhD)
2	Абенова Лаззат Усмановна	Проректор по воспитательной работе и социальным вопросам, к.ф.н., доцент
3	Аяшев Ербол Орынбасарович	Руководитель административно-хозяйственного управления,
4	Оралова Зауре Мекенбаевна	Руководитель учебно-методического управления, ст.преподаватель
5	Токмурзаев Бакыт Салманович	Руководитель отдела послевузовского образования, доктор философии (PhD)
6	Досан Укилимай Нахыпбековна	Руководитель отдела кадров
7	Байсалова Атиркуль Абдирахмановна	Главный бухгалтер
8	Малдыбекова Апельсин Сапаровна	Юрист
9	Жанаева Айнур Насирхановна	Руководитель офиса регистрации
10	Раева Гулсим Аскарловна	Директор библиотеки, ст.преподаватель
11	Абуова Баян Усербаевна	Заведующая центром обслуживания студентов
12	Ирсимбетов Нурлан Сейсенбаевич	Заведующий центром информационных и инновационных технологий
13	Ахынова Улбике	Директор инновационного научно-исследовательского центра, ст.преподаватель
14	Жанибекова Акбота Бекмырзаевна	Заведующая канцелярии
15	Шагирбаева Айсауле Дүйсеновна	Специалист корпоративной службы
16	Файзиев Нуржан Сапарханович	Руководитель отдела профессиональной ориентации и занятости, ст.преподаватель
17	Козыбай Абай	Заведующий музеем, ст.преподаватель

18	Доскараева Меруерт Абдималиковна	Руководитель сектора академической мобильности, ст.преподаватель
19	Аширбаева Акнур Данибековна	Руководитель «Отдел молодежи»

Декан факультета

№	Ф.И.О.	Ученая степень, звание, с какого года работает в университете
1	Исаева Кулайна Алихуловна	Исполняющий обязанности декана факультета "Естествознание", ст.преподаватель
2	Мейрбеков Мырзабай Балтабаевич	Декан факультета "Филология и гуманитарное образование" к.и.н., ст.преподаватель
3	Сапарбаева Улданай Алибековна	Исполняющий обязанности декана факультета "Дизайн и искусство" ст.преподаватель
4	Елшибаев Сарсенбек Кулишович	Декан факультета "Правоведение, экономика и дистанционное обучение" к.и.н., ст.преподаватель

Заведующий кафедрой

№	Ф. И. О.	Ученая степень, звание, с какого года работает в университете
1	Орманова Зауре Курбанбайовна	Заведующая кафедры "Педагогика и психология" к.п.н., доцент
2	Кокымбаева Торгай Игеновна	Заведующая кафедры "Образовательные технологии" к.п.н., доцент
3	Кобланова Онгаркул Нурмаханбетовна	Заведующая кафедры "Естественных наук" к.х.н., доцент
4	Кужагулова Гулнар Есеновна	Заведующая кафедры "Искусство" к.п.н., доцент
5	Жанабаев Жолдас Дуйсенбаевич	Заведующий кафедрой "Программное обеспечение" к.тех.н., доцент
6	Жолдасов Сазахан Аманович	Заведующий кафедрой "Высшая математика и физика" к.т.н., доцент
7	Апашева Сабира Нурбаевна	Заведующая кафедры "Отечественная и зарубежная история" к.и.н., доцент
8	Нурбек Мурат Анарбаевич	Заведующий кафедрой "Филология" доктор философии (PhD)
9	Авдонин Владимир Викторович	Заведующий кафедрой "Иностранные языки" к.ф.н., доцент
10	Утенов Жумахан	Заведующий кафедрой "Экономика и право" к.ю.н., доцент

ПРЕПОДАВАТЕЛИ ВЫПУСКАЮЩЕЙ КАФЕДРЫ «ФИЗИКА И МАТЕМАТИКА»

№	Ф. И. О.	Должность	Ученая степень и звание
1	Карашева Кульзира	доцент	к.ф-м.н.

2	Бердалиева Тилла Досыбековна	доцент	к.п.н.
3	Сапаков Динмуханбет Абдуалиевич	старший преп.	науч. маг.
4	Динасилова Молдир Батырхановна	старший преп.	науч. маг.
5	Қазақбаев Жандос Бектөреұлы	старший преп.	науч. маг.

Студенты 3-4 курсов

	Ф.И.О.	Курс
1	Жаппар Салтанат	3
2	Тұрғанбек Бейбарыс	3
3	Мирзаева Мадина	3
4	Файзиева Махрангиз	3
5	Каримов Габиден	3
6	Маматжан Зауре	3
7	Жумаева Перизат	4
8	Тұрсынхан Әйгерім	4
9	Қананбек Назерке	4
10	Дербес Зарина	4

Представители работодателей

№	Ф.И.О.	Место работы, должность
1	Уразбаева Айгүл	Школа-интернат «Дарын», руководитель математического объединения
2	Сейдимбетов Болат	Заместитель директора по учебно-воспитательной работе СШ им.Б. Майлина
3	Саулебаев Бауыржан	Школа-лицей №9 им. Д. Кунаева, руководитель математического объединения

Выпускники

№	Ф.И.О.	Специальность, год окончания
1	Кадыркулов Бексултан	Школа-гимназия №6 им. БМомышулы, учитель математики
2	Арипбай Махсат	СШ № 2 им. Ш. Уалиханова, учитель математики
3	Қаблан Нұрдаулет	СШ им. К.Аманжолова, учитель математики

СПИСОК ДОКУМЕНТОВ

Список документов, изученных во время внешнего аудита экспертной группы, прилагается в следующей таблице

№	Название документа	Дата утверждения
1.	2020-2025 жылдарға арналған Сырдария университетінің даму жоспары	Университет ректоры м.а. С.Мамраймов бекіткен 26.02.2020 ж.
2.	6B01501-Математика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының төлқұжаты	«Жаратылыстану және математика» факультетінің кеңесінде қаралып (29.08.2019ж). Университеттің ғылыми кеңесімен бекітілген № 1 хаттама 28.08.2019 ж
3.	6B01501-Математика мұғалімдерін даярлау БББ бойынша оқу жұмыс жоспары	Университеттің ғылыми кеңесімен бекітілген № 1 хаттама 28.08.2019 ж
4.	«ИНТЕГРАЛ» студенттік ғылыми үйірменің 2018-2020 ж арналған жұмыс жоспары	«Жаратылыстану және математика» факультетінің деканы бекіткен 29.08.2018ж.
5.	Кафедра филиалын ұйымдастыру туралы келісімшарт	Ректор, С.Дайырбеков және Қайсенов атындағы №51 жалпы орта мектеп директоры Н.Айтбаева бекіткен 29.08.2018ж.
6.	Жоғары математика және физика кафедрасының филиалының жоспары	«Жаратылыстану және математика» факультетінің деканы бекіткен 28.09.2018ж.
7.	Оқу үрдісіне ҒЗЖ ендіру туралы АКТІ	Ректор м.а., Р.Абишева бекіткен 02.09.2019ж.
8.	Студенттер мен ОПҚ академиялық ұтқырлығы туралы мәліметтер	ОПҚ тізімі, іссапар бұйрықтары
9.	ОПҚ бес жылдық интеллектуралдық еңбектерінің қоры	ОПҚ еңбектерінің тізімі
10.	6B01501-Математика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының элективті пәндер каталогы	Университет ғылыми кеңесінде қаралып, № 7.24 апрель 2019 ж., ректор С.Дайырбеков бекіткен 25.04.2019ж.